



**Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ  
АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті**

**ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

***БАЯН ТӘЛІПҰЛЫ БОРАШ***

***БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ***

**АҚТӨБЕ – 2018**



**Профессор Баян Тәліпұлы Борашқа арналған биобиблиографиялық көрсеткіш/ Құраст. Шаншарова Г.И. - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы. - 2018. – 23 бет.**

Биобиблиографиялық көрсеткіште Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Баян Тәліпұлы Бораштың 1989-2018 жылдар аралығында баспа бетінде жарық көрген ғылыми-әдістемелік еңбектерінің тізімі берілген.

Әдебиеттер хронологиялық тәртіпте орналасқан.  
Библиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

Құрастырған:

библиограф Шаншарова Г.И.



*Ол – жарты ғасырдан астам ғұмырын білім мен ғылымға арнаған ұстаз. Ол – бірнеше ғылыми кітап жазған профессор. Ол – “Абайтану” саласына еңбек сіңірген азамат. Ол – құрметті профессор, аға ұстаз Баян Бораи.*

## **ПРОФЕССОР БАЯН ТӘЛІПҰЛЫ БОРАШ**

Баян Тәліпұлы Бораи 1938 ж. 23 мамырда Ақтөбе облысы Темір (қазіргі Мұғалжар) ауданы Шибұлақ ауылында өмірге келген. 1960 ж. Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиеті мамандықтары бойынша бітірген. 1997 ж. «Қазақ поэзиясында адамның өмір кезеңдерінің бейнелену проблемалары» тақырыбында кандидаттық, 2010 ж. «Қазақ поэзиясындағы хандар бейнесінің эволюциясы» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған.

Еңбек жолын 1960-61 жж. Қызылорда облысы Арал ауданындағы Қасқақұлан орта мектебінде мұғалім болып бастаған. 1961-63 жж. Мәскеуде әскери борышын өтегеннен кейін, 1963-1966 жж. Ақтөбе облысының Темір ауданы мен Қандыағаш қаласында мұғалімдік қызмет атқарған. 1966-89 жж. Ақтөбе облыстық партия комитетінде әр түрлі қызметтерде (кеңесші, нұсқаушы, лектор) болған.

1990 жылдан бері Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, профессор қызметтерін атқарып келеді.

Ғалым Б.Т.Бораи – «Фольклор мен ақын-жырау поэзиясындағы хандар бейнесі» (2007), "Қазақ фольклорындағы хандар бейнесінің көрінісі" (2014), "Хандар тұлғасы авторлық әдебиетте" (2014), "Әлем және қазақ әдебиетіндегі рухани сабақтастық" (2018) секілді іргелі ғылыми монографиялық еңбектердің, ЖОО студенттеріне арналған «Сары Батақұлының әдеби мұрасы» (2000), «Қазақ поэзиясында адамның өмір кезеңдерінің бейнеленуі» (2001), «Қазақ поэзиясындағы

хандар тұлғасының бейнеленуі» (2012), "Ежелгі дәуір әдебиеті" (2017) секілді оқулық пен оқу құралдарының және де екі жүзге жуық ғылыми еңбектер мен мақалалардың авторы.

Әдебиеттегі адамның жас шамасының жырлануы, хандар тұлғасының көркем бейнеленуіне жаңаша көзқарас қалыптастыруға сүбелі үлес қосып келе жатқан профессор Б.Т.Бораштың ғылым жолындағы тынымсыз ізденістері нәтижесінде туындаған еңбектері Республикамыздың іргелі ғылыми басылымдарында, сонымен қатар Қазан, Улан-Удэ, Якутск, Орынбор қалаларында өткен халықаралық конференция материалдарында жарық көрді.

Профессор Б.Т.Бораш "Қазақ поэзиясында адам өмірі кезеңдерінің бейнеленуі" атты оқу құралында ғұмырнама дәстүрінің әдебиетімізде кең өріс алғанын айта отырып, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетіндегі өлең, жыр-дастандар, мақал-мәтел, афоризмдер, шешендік сөздер түріндегі жалпы адам ғұмырына тән, кейде жеке адамдардың өмір көріністерін қамтитын поэтикалық саласымен қатар, оның нақты жеке адамның өмір кезеңдерімен әңгімеленетін, негізінен көлемді прозалық түрдегі, мемуарлық деп аталатын саласы да бар екенін атап өтеді. Өз зерттеуінде ғалым ауыз әдебиетіндегі және қазақ поэзиясындағы жас ерекшеліктеріне байланысты туындыларды талдап, ғұмырнамалық шығармалардың бойындағы қазақ рухани мәдениетінен туындайтын тұнып тұрған ғибрат, үлгі, өсиет дәстүрлерінің үлкен тәрбиелік маңызы бар екенін, "жас мөлшеріне арналған әдебиет үлгілерін талдаудың қазақтың ұмыт бола бастаған өткен ғасырлар өмірінен мәлімет берер өміртаныштық қасиеті бар екенін" және "мұндай өлең, жыр, мақал-мәтел, шешендік сөздердің тарихи, географиялық, экономикалық, этнографиялық, дүниетанымдық, биологиялық, лингвистикалық және тағы басқа тұрмыс, мәдениет, ғылым салаларынан мәліметтер беріп, оқырманның білім, өміртану көкжиегін кеңейтетінін" айтып, түйіндейді.

Әдебиеттегі ел билеушілер тұлғасын жан-жақты зерделеп жүрген ғалымның зерттеулері бүгінгі таңда ауыз әдебиетінен авторлық әдебиетке дейінгі мұраларымызды қарастырумен қатар, әлем әдебиетіндегі қазақ билеушілерінің бейнесін талдауға ұштасып жатыр. Осы мәселеге қатысты бірнеше монография мен ғылыми жарияланымдардың авторы Б.Т.Бораштың "Қазақ фольклорындағы хандар бейнесінің көрінісі" атты монографиясында қазақ қоғамындағы хандық билік пен хан тұлғасының ауыз әдебиетіндегі ерекшеліктері саралана келіп, қазақ фольклор үлгілеріндегі хан билігі көріністері кең түрде зерттелген. Қазақ ертегілеріндегі, фольклордың шағын үлгілері – мақал-мәтелдерде, бата-тілек сөздерде, жұмбақтарда, ұлттық ойын түрлерінде және батырлар жыры, қаралы өлеңдер мен би-шешендер сөздеріндегі, аңыз әңгімелер мен тарихи жырлардағы хан бейнесі берілуінің даму

жолы, кеңес билігі кезіндегі зерттеулерге таптық көзқарастың зардабы, хан тұлғасы бейнесінің тағылымдық қырлары жан-жақты талданған. Ел билігі тұтқасын ұстаған хандар тұлғасы фольклордың аңыз әңгімелер, шешендік сөздер, тарихи жырлар түрлерінде ауыз әдебиетінің алдыңғы айтылған жанрларымен салыстырғанда одан да биік сатысына көтеріледі. Бұл туындыларда хандардың бейнелік деңгейін биіктетіп тұрған ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда өмір кешкен хандардың басқыншылардан елді, жерді қорғап қалуда халқымызды жұмылдыра білген кемеңгерлігін, жеке бастарының ерлігін әңгімелеудегі, жырлаудағы тарихилық, нақтылық деңгейінің биіктеген. Аңыз әңгімелер мен тарихи жырларда Жәнібек, Кенесары, Жәңгір хандар, әсіресе Абылай хан бейнесі аңыздан аңызға, жырдан жырға жан-жақты ашыла түсетіні байқалады.

Ал осы зерттеудің жалғасы "Хандар тұлғасы авторлық әдебиетте" атты монографияда қазақ ақын-жырау және жазба поэзиясындағы хандық билік ерекшеліктері, жеке хандар тұлғасының көркемдік бейнесінің даму жолы, суреттелу ерекшеліктері, әр кездердегі, әсіресе кеңес билігі кезіндегі мемлекеттік идеологияның хандар тұлғасы бейнеленетін әдебиет үлгілерінің зерттелуіне таптық көзқарасы тұрғысынан әсері, оның зардабы, хан тұлғасы бейнесінің тағылымы және басқа қырлары жан-жақты талданған. Мұнда автор қазақ поэзиясындағы хандар бейнесі сонау ауыз әдебиетінің шағын түрлеріндегі белгі бере бастаған ізінен, тұлғалық кейпі айқындала түскен авторы бар ақын-жырау поэзиясында жалғасып, жазба поэзия өкілдері шығармаларында биік тұлға ретінде сомдалған образдар күйінде эволюциялық даму сатыларымен бізге жетіп, бүгінгі күн поэзиясындағы Тәуелсіз еліміздің Елбасы бейнесін беру талпынысына ұласып отырғанына тоқталады. Профессор Б.Т.Бораштың бұл зерттеулері хандардың қоғам дамуындағы, ел, халық тағдырындағы шешуші рөлін байыптап, оның зор танымдық мәні айқындап, ел билеушісінің биік тұлғасының тәрбиелік маңызының қазіргі заман, бүгінгі күн талаптары қадесіне жарап қызмет ететінін көрсетеді.

Университетіміздегі филология дайындау бағыты бойынша магистратурада профессор Б.Т.Бораштың жетекшілігімен әдебиеттанудың өзекті мәселелері бойынша магистрлік диссертациялар қорғалуда.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрметті профессоры, «Жұбанов» медалінің иегері, университетіміздің еңбек ардагері Баян Тәліпұлы 1998 жылы білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды, 2014 жылы "ЖОО үздік оқытушысы" атағына ие болды.

Баян Тәліпұлы жұбайы Зәкия Мұстафақызымен бірге бір ұл, бір қызынан тараған немерелері мен шөбересін тәрбиелеп отыр. Балалары мен немерелері сапалы білім алып, өңіріміздің әр саласында еңбек етіп жүр.

Ұстаздықтың ұлы жолында еңбек етіп келе жатқан Б.Т.Бораштың шәкірттері өз мамандықтарының адал иесі ретінде тынбай еңбек етіп келеді.

## ПРОФЕССОР Б.Т. БОРАШТЫҢ ЖАРЫҚ КӨРГЕН ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕРІ

Монографиялар:

1. Фольклор мен ақын-жырау поэзиясындағы хандар бейнесі/ Монография. – Алматы: «Жазушы», 2007. – 560 бет
2. Фольклор мен ақын-жырау поэзиясындағы хандар бейнесі. Екінші басылымы/ Монография. –Алматы: «Білім», 2007. – 512 бет
3. Қазақ фольклорындағы хандар бейнесінің көріністері/ Монография. –Ақтөбе: «NOBEL», 2015. – 512 бет
4. Хандар тұлғасы авторлық әдебиетте/ Монография. –Ақтөбе: «NOBEL», 2015. – 428 бет



Профессор Б.Т. Бораштың ғылыми-зерттеу еңбектері

### Оқулықтар:

5. Қазақ поэзиясындағы хандар тұлғасының бейнеленуі/Оқулық.- Алматы:ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. - 440 бет

### Оқу құралдары:

6. Сары Батақұлының әдеби мұрасы/Оқу құралы. - Алматы, «Ғылым» баспасы, 2000 . - 48 бет
7. Қазақ поэзиясында адам өмірі кезеңдерінің бейнеленуі/Оқу құралы. - «Ақтөбе университеті» басылым орталығы, 2001. -130 б
8. Ежелгі дәуір әдебиеті (филология мамандық-тары бойынша жоо студенттері үшін қашықтан оқытуға арналған)/Оқу құралы. ЖК С.Т.Жанәділов баспаханасында дайын оригинал-макеттен басылған, Ақтөбе, 2015. - 206 б
9. Әдеби байланыстар (филология мамандық-тары бойынша жоо студенттері үшін қашықтан оқытуға арналған)/Оқу құралы. ЖК С.Т.Жанәділов баспаханасында дайын оригинал-макеттен басылған, Ақтөбе, 2015. - 136 б

### Авторефераттар:

10. Қазақ поэзиясында адамның өмір кезеңдерін бейнелеу проблемалары: филолог.ғылымд.кандидаты ғыл.дәреж.алу үшін дайындалған автореферат: 10.01.02. – Алматы, 1997. – 18 б.
11. Қазақ поэзиясындағы хандар бейнесінің эволюциясы: филол.ғыл.докт. ... автореф.: 10.01.02. – Астана, 2010

### Ғылыми мақалалар:

1. Укрепление и развитие единого многонационального государства. Методические рекомендации // Актуальные проблемы развития национальных отношений, интернационального и патриотического воспитания. - Ақтөбе, 1989

1992 жыл

2. Нұрпейіс Байғанин – айтыс ақыны// Батыс Қазақстан жас ғалымдарының III ғылыми конференциясы. Баяндамалардың тезистері. - Ақтөбе, 1992
3. Адам өмір белестеріне байланысты әдебиет үлгілерінің халықтық педагогикамен үндестігі// ЖОО-ғы оқыту методикасы және педагогика мәселелері. Конференция материалдары. -Ақтөбе, 1992. 52-53 бб

1995 жыл

4. Ғұмырнамалық әдебиет үлгілерін олардың даму кезеңдерін оқытудың ерекшеліктері// ЖОО-ғы оқыту методикасы және педагогика мәселелері. Конференция материалдары. -Ақтөбе, 1995.84-93 бб
5. Өмір кезеңдеріне байланысты әдеби туындылардың тәрбиелік мәні// «Қазақ тілі мен әдебиеті» журн., 1995 № 6. 107-111 бб

1996 жыл

6. Абай ұлығына құштарлық // Нар қазақ. Алматы, «Арыс», 01.1996
7. Адам ғұмыры белестеріне арналған әдеби туындылардағы әлеуметтік мәселелер // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журн., 1996. № 7-8
8. Мұхтар Арын - әдебиет жанашыры // Профессор Мұхтар Арынның 60 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары. Ақтөбе- Алматы, 1996

1997 жыл

9. Ғұмырнамалық поэзия үлгілеріндегі табиғи өзгерістер көрінісі//«Қазақ тілі мен әдебиеті» журн., 1997. № 2
10. Әйел жасының поэзияда бейнеленуі// «Ізденіс – Поиск» журн., 1997. №2



1998 жыл

11. Құдайберген Жұбанов және Шығыс әдебиеті// Ақтөбе пединститутының 30 ж. арналған республикалық «Жұбанов тағылымы» конференциялардың материалдары. Ақтөбе, 1998

1999 жыл

12. Ақын-жыраулар поэзиясында адамның жас белестерінің бейнеленуі// «Ізденіс – Поиск» журн., 1999. № 4

13. Жас шамасы жырланатын шығармалардың көркемдік ерекшеліктері// «Қазақ тілі мен әдебиеті» журн., 1999. № 9

2000 жыл

14. Адамның кейбір кездері (Әдебиет үлгілеріндегі жас шамасына байланысты даналық ой-түйіндер)// «Ақиқат» журналы, Алматы, № 2, 2000

2001 жыл

15. Сәбит Мұқановтың Абайды тану жолы//«Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы». № 2, 2001

2002 жыл

16. «Қаһар» романындағы хан бейнесі//«С.Мұқанов, Ғ. Мүсірепов – қазақ әдебиетінің классиктері». Халықаралық ғылыми конференция материалдары. «Арыс» баспасы, Алматы, 2002

17. Изображение казахских ханов в русской литературе//Вестник КазНУ. Серия филологическая, № 3 (54), 2002 г. Алматы. (Междунар. конференция, посвященная 70 летию со дня рождения проф. Багизбаевой

18. Қ.Байболұлының «Еңсегей бойлы Ер Есім» тарихи жырындағы Есім және басқа хандар тұлғасы//«Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы» № 3 (13), 2002

19. Фольклордың шағын түрлеріндегі Абылай хан бейнесі//«Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы» № 3 (13), 2002

20. Кенесары мен Наурызбайдың Қ.Бекхожин поэзия-сындағы тұлғасы//«Ізденіс – Поиск» журн., № 4, 2002, Алматы. Халықтың тарихтағы рөлі мен қазақ әдебиетіндегі көрінісі.«Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы» № 4 (14), 2002
21. Тұлғаның тарихтағы, қоғамдағы рөлі мен әдебиеттегі көрінісі//«Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы» № 4 (14), 2002
22. Есім ханның ақын-жырау поэзиясындағы бейнеленуі.ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, № 6 (57), 2002 ж. Алматы. Ғ.Мүсіреповтің 100 жылдығына арналған Республикалық конференцияның материалдар жинағы
23. Қ.Бекхожиннің тарихи поэмаларының тағдыры// «Жұбанов тағылымы» Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Ақтөбе, 2002
24. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі хандар туралы даналық ой-пікірлер//«Ұлағат» журналы, Алматы, № 6, 2002
25. Қазақ ертегілеріндегі хан бейнесі. (Бұрын көлеңкеде болған мәселеге жаңа көзқарас)//«Жұлдыз» журналы, № 12, 2002
26. Қ. Бекхожин Кенесары хақында//«Қазақ тарихы» журн, № 12, 2002
27. Қ.Бекхожиннің «Батыр Науан» поэмасындағы Кенесары бейнесі//«Қазақ тілі мен әдебиеті» журн., № 12, 2002

2003 жыл

28. Айтарын ашып айтқан ақын//“Қазақ әдебиеті” газеті. № 51, 19.12.2003
29. Кенесары Қасымұлының тұлғалық бейнесінің “Қаһар” романында сомдалуы//«Қазақ тілі мен әдебиеті» журн., № 1, 2003
30. «Ұлан асудағы» тарихи шындық (Қ.Бекхожин драмасы бойынша)//«Қазақ тарихы» журн, № 2, 2003
31. Қ.Бекхожин – Кенесары бастаған Ұлт-азаттық көтерілістің жаршысы// Жас ғалымдардың 5-ші республикалық ғылыми конференциясы. 11-12 сәуір, 2003

2005 жыл

32. Абай және Шәкәрім еңбектеріндегі халық пен тұлға, қазақтың шығу тегі, этнонимі, алғашқы ел билеушісі туралы//«Абай әлемі: рухани мұра мәселелері және

қазіргі кезең» атты республикалық ғылыми практикалық конф-еренциясының материалдары. 26-27. 05.2005, Ақтөбе.

33. XII-XIII ғасырлардағы жыраулар туғызған қаралы жырлардағы хан тұлғасы//«Абай әлемі: рухани мұра мәселелері және қазіргі кезең» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. 26-27. 05.2005, Ақтөбе.

34. Қазақ хандығына дейінгі әдебиеттегі қаралы өлең- жырлардағы елбасы бейнесі//«Абай әлемі: рухани мұра мәселелері және қазіргі кезең» атты республикалық ғылыми практикалық конференциясының материалдары. 26-27. 05.2005, Ақтөбе.

35. Қазақ халқының шығу тегі, этнонимі: пікірлер мен болжамдар//Материалы междунар. научно - практической конференции «Интеллектуальная собственность: вопросы теории и практики». 3-4.06.2005. Ақтөбе-Оренбург.

36. Қазақ хандығына дейінгі хандар туралы аңыздар// Материалы междунар. научно - практической конференции «Интеллектуальная собственность: вопросы теории и практики». 3-4.06.2005. Ақтөбе-Оренбург.

37. Батырлар жырындағы ел билеуші хандар бейнесі// Материалы междунар. научно - практической конференции «Интеллектуальная собственность: вопросы теории и практики». 3-4.06.2005. Ақтөбе-Оренбург.

38. Орыс әдебиетіндегі қазақ хандарының бейнеленуі. (Лесков, Ядринцев, Сергеев, Кузнецов) //«Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы» № 4 (25), 2005.

39. Абылай туралы аңыздардың ерекшеліктері, ол туралы ғұмырнамалық аңыздардағы хан бейнесі // «Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы» № 4 (25), 2005.

40. Қаралы өлең-жырлардағы Кенесары – Наурызбай бейнесі// «Қазақ тілі мен әдебиеті» журн., № 6, 2005. Алматы.

41. Асан Қайғы толғауларындағы Жәнібек хан бейнесі//«Жұлдыз» журналы, № 10, 2005. Алматы.

2006 жыл

42. Хандық биліктің даму жолы мен түрлері тарихи зерттеулер мен көркем әдебиетте//«Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы» № 1 (26), 2006

43. Профессор Мұхтар Арыновтың қазақ әдебиетіне, Абай мұрасын насихаттауға жанашырлығы//«Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының хабаршысы» № 2 (3), 2006
44. Қожаберген мен Үмбетей жыраулар поэзиясындағы ел билеуші хандар тұлғасы//«Қазақ тілі мен әдебиеті» журн., № 4-5, 2006. Алматы.
45. Арал-Каспий өңіріндегі ноғайлы дәуірі әдебиетінің фольклорлық, жыраулар поэзиясы үлгілеріндегі ел билігі, әміршілер тұлғасы//“Еуразия тарихы мен мәдениетіндегі Арал-Каспий аймағы” атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. 2 бөлім. ҚР Ақтөбе қ., 25-27.05. 2006.
46. Ғылым мен білім майталманы//Ә.Молдахановтың 70 жыл. арн. “Азамат, ұстаз, ғалым” ғылыми-практикалық конференция материалдары (6-8. 06, 2006).
47. Бөкей Ордасы ақын-жыраулар поэзиясындағы Жәңгір ханның бейнеленуі//«Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы» № 2 (27), 2006
48. Серік Тұрғынбекұлының “Махамбет пен Жәңгір хан” поэмасындағы Жәңгір хан//«Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы» № 2 (27), 2006
49. Дулат ақын өлең-жырларындағы ел болу мәселесі, отаршылыққа қарсы сарын, хандар бейнесі//«Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы» № 3 (28), 2006
50. “Ақтабан-шұбырынды...” қасіреті қазақтың сағын сындырды пікіріне Дулат жырларынан, өткен және бүгінгі тарихтан туындайтын басқаша көзқарас//«Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы» № 3 (28), 2006
51. Қазақ мемлекеті мен мемлекеттілігі туралы оппозициялық пікірлерге сын//АқМУ жанын. ГҒЗИ-нің “Гуманитарлық зерттеу мәселелері” жинағы, 2006, № 2
52. Қазақ мемлекетіндегі хан сайлау дәстүрінің көркем әдебиеттегі көрінісі//АқМУ жанын. ГҒЗИ-нің “Гуманитарлық зерттеу мәселелері” жинағы, 2006, № 2

2007 жыл

53. Ыбырай Алтынсарин поэзиясындағы хандар бейнесі//АқМУ жанын. ГҒЗИ-нің “Гуманитарлық зерттеу мәселелері” жинағы, 2007, № 3
54. «Нәрік», «Шора батыр» жырларындағы ел билігі мәселесі және хандардың кейіптелуі//АқМУ жанын. ГҒЗИ-нің “Гуманитарлық зерттеу мәселелері” жинағы, 2007, № 3

55. Қазақ еліндегі бұрынғы хандық биліктен президенттік институтқа//Заң және заман журналы. 2007, № 3

56. Изображение казахских ханов в русской литературе//“Евразийский мир: многообразие и единство”. Материалы международной научно-практической конференции. (11 мая 2007 г.) Том 1. Казань “Познание”

2008 жыл

57. Тема защиты родной земли и образы ханов в эпосах “Нарик” и “Шора батыр” // “Евразийский мир: многообразие и единство”. Материалы международной научно-практической конференции. (11 мая 2007 г.) Том 1. Казань “Познание”, 2008

58. Ханская власть в казахском обществе (VI-VIII вв): традиции и особенности// “Восточное общество: интеграционные и дезинтеграционные факторы в геополитическом пространстве АТР (Азиатско-тихоокеанском регионе)”. Материалы междунар. научно-практической конференции. Улан-Уде, (Российская Федерация), 2008

2009 жыл

59. Құдайберген және Есет Жұбановтардың ғылымдағы өзіндік көзқарастары туралы бірер сөз // «Жұбанов тағылымы-ҮІІ» атты (Қ.Қ.Жұбановтың 110 жылдық, профессор Е.Қ.Жұбановтың 80 жылдық мерейтойларына арналған) халықаралық ғылыми конференция материалдары. Ақтөбе, 4-5.12.2009

60. М.Жұмабаев өлеңдері мен “Батыр Баян” поэмасындағы хандар бейнесінің сомдалуы // «Жұбанов тағылымы - ҮІІ» атты (Қ.Қ.Жұбановтың 110 жылдық, профессор Е.Қ.Жұбановтың 80 жылдық мерейтойларына арналған) халықаралық ғылыми конференция материалдары. Ақтөбе, 4-5.12.2009

2010 жыл

61. Көркем шығармалардағы Құнанбай бейнесі (Бас-қалармен қатар Сапаралы, Тоқтаров еңбектеріндегі Құнанбай-Кенесары байланысы сөз болады) // “Жастар және ғылым: бүгін және келешегі” атты ғылыми материалдар жинағы. Ақтөбе, сәуір, 2010

62. Көркем шығармалардағы Құнанбай бейнесі (Сапаралы, Тоқтаров еңбектеріндегі Құнанбайдың Кенесары қозғалысымен байланысы сөз болады) // АқМУ жанын. ГҒЗИ-нің “Гуманитарлық зерттеу мәселелері” жинағы, 2010, № 3
63. Қазақ поэзиясында Нұрсұлтан бейнесі (Т.Қажы-бай мен С.Тұрғынбекұлы туындылары бойынша) // “Қайнар” университетінің хабаршысы, 2010
64. Бұрынғы хандық биліктен Президенттік институтқа дейін// “Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы” № 3, 2010
65. Софы Сматаевтың “Жарылғап батыр” романындағы хандар бейнесі // “Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы, 2010
66. Т.Қажыбаев дастандарындағы Абылай хан тұлғасының кейіптелуі // “Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеттің хабаршысы” № 3, 2010, 31-35 (5 бет)
67. М.Жұмабаев поэзиясындағы хандар бейнесі//«Ақиқат» журналы, Алматы, № 9, 2010
68. Жәңгір хан тағылымы // «Жалын» журналы, Алматы, № 10, 2010
69. Ы.Алтынсарин поэзиясындағы хандар бейнесі // Қазақтың халықаралық қатынастар және әлем тілдері институтының хабаршысы. Филол.сер-сы. № 1(23), 2010

2011 жыл

70. Бөкей ордасы ақындары поэзиясындағы Жәңгір хан//«Ұлт тағылымы» журналы, Алматы, №5, 2011
71. Абай ұлылығына құштарлық//Мұхтар Арын. Бес анық. Павлодар, Сытин типографиясы. 2011
72. Мұхтар Арын - әдебиет жанашыры//Мұхтар Арын. Бес анық. Павлодар, Сытин типографиясы. 2011
73. Профессор Мұхтар Арынның қазақ әдебиетін, Абай мұрасын насихаттауға жанашырлығы//Мұхтар Арын. Бес анық. Павлодар, Сытин типографиясы. 2011

2012 жыл

74. Олжабай Нұралыұлы поэзиясындағы хандар бейнесі // «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы Жайық алқабы ақындарының әдеби мұрасы» аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 22.01.2012, Ақтөбе, 2012
75. Қазақ поэзиясындағы ескендірнама үлгілері // АқМУ жанын. ГҒЗИ-нің “Гуманитарлық зерттеу мәселелері” жинағы, 2012, № 13
76. Көркем әдебиеттегі Жәңгір хан бейнесі // АқМУ жанын. ГҒЗИ-нің “Гуманитарлық зерттеу мәселелері” жинағы, 2012, № 14
77. Т.Ахтановтың «Ант» трагедиясындағы ел билеуші бейнесі // «ҚР-ның индустриалды-инновациялық даму стратегиясындағы ғылымның рөлі» аттыҮІІІ Халықаралық жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми-практикалық конференция материалдары. Ақтөбе, 2012.
78. Орхон ескеткіштерін игерудегі жетістіктер мен проблемалар//«ҚР-ның индустриалды-инновациялық даму стратегиясындағы ғылымның рөлі» аттыҮІІІ Халықаралық жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми-практикалық конференция материалдары. Ақтөбе, 2012
79. Ұлы арман арқалаған ұлағатты ұстаз//«ҚР-ның индустриалды-инновациялық даму стратеги-ясындағы ғылымның рөлі» аттыҮІІІ Халықаралық жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми-практикалық конференция материалдары. Ақтөбе, 2012
80. Асан Қайғы мен Жәнібек хан арасындағы қарым-қатынас//«ҚР-ның индустриалды-инновациялық даму стратегиясындағы ғылымның рөлі» аттыҮІІІ Халықаралық жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми-практикалық конференция материалдары. Ақтөбе, 2012
81. Сүлеймен Бақырғани – Йассауи шәкірті//«ҚР-ның индустриалды-инновациялық даму стратегиясындағы ғылымның рөлі» аттыҮІІІ Халықаралық жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми-практикалық конференция материалдары. Ақтөбе, 2012
82. Дулаттың «Шаштараз» поэмасындағы Ескендір патша бейнесі//«ҚР-ның индустриалды-инновациялық даму стратеги-ясындағы ғылымның рөлі» аттыҮІІІ Халықаралық жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми-практикалық конференция материалдары. Ақтөбе, 2012
83. Үш анық (Ә.Молдахановтың «Абай, Шәкәрім, Әуезов дәрістері» оқулығына рецензия)//«Ақтөбе» газеті. № 84, 03.06.12

84. Оқу процесінде жаңа технологиялық тәсілдер қолдану тәжірибесінен//«Әдебиеттегі оқытудың өзекті мәселелері» атты Аймақтық семинар материалдары. (140 бет) Ақтөбе, 11.04.2012

85. Оқу процесінде жаңа технологиялық тәсілдер қолдану тәжірибесінен//«Әдебиетті оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері» атты университетішілік әдістемелік семинар материалдары. Ақтөбе, 11.04.2012

86. Шернияз және аймақтық әдебиеттану//«Шернияз Жарылғасұлы және ұлт-азаттық поэзия» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Ақтөбе, 12-13 қазан 2012

87. Некоторые вопросы башкирско-казахских литературных связей//«Сравнительно-сопоставительное изучение тюркских языков». Материалы международной научно-практической междисциплинарной конференции. 29-30 ноября 2012. Якутск (РФ)

2013 жыл

88. Қазақ жазу мәдениетінің өткені мен ертеңі//«Жастар және ғылым: елдің индустриалды-инновациялық дамуы» атты жас ғалымдар мен студенттердің ІХ халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. II том. Ақтөбе, 12 сәуір 2013

89. Ежелгі әдебиеттегі кемел ел басқарушы туралы арман//«Жастар және ғылым: елдің индустриалды-инновациялық дамуы» атты жас ғалымдар мен студенттердің ІХ халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. II том. Ақтөбе, 12 сәуір 2013

90. Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» хамсасындағы Кенесары, Құнанбай, Қодар бейнесі//«Жастар және ғылым: елдің индустриалды-инновациялық дамуы» атты жас ғалымдар мен студенттердің ІХ халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. II том. Ақтөбе, 12 сәуір 2013

91. Абайдың эпистолярлық романы//«Жастар және ғылым: елдің индустриалды-инновациялық дамуы» атты жас ғалымдар мен студенттердің ІХ халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. II том. Ақтөбе, 2013

92. Үш бірдей халықтың ардағы (Ақын Ақмолла туралы бірер сөз)//«Жастар және ғылым: елдің индустриалды-инновациялық дамуы» атты жас ғалымдар мен студенттердің ІХ халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. II том. Ақтөбе, 2013



93. Ұ.Доспанбети туындысындағы Абылай хан тұлғасының бейнесі//«Жастар және ғылым: елдің индустриалды-инновациялық дамуы» атты жас ғалымдар мен студенттердің ІХ халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. ІІ том. Ақтөбе, 2013
94. Есет Көтібарұлы тұлғасының қазақ әдебиетіндегі бейнеленуі//«Жастар және ғылым: елдің индустриалды-инновациялық дамуы» атты жас ғалымдар мен студенттердің ІХ халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. ІІ том. Ақтөбе, 2013
95. «Қазақ әлі ұлт болып қалыптаспаған» деген пікір туралы бір үзік сыр//«Жастар және ғылым: елдің индустриалды-инновациялық дамуы» атты жас ғалымдар мен студенттердің ІХ халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. ІІ том. Ақтөбе, 12 сәуір 2013
96. Абылай хан тұлғасының Тәтіқара поэзиясындағы көрінісі // «Жастар және ғылым: елдің индустриалды-инновациялық дамуы» атты жас ғалымдар мен студенттердің ІХ халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. ІІ том. Ақтөбе, 2013
97. Үш ғұлама дәрістері үндестігі//«Ә.М.Жиреншиннің ғылыми және шығармашылық мұрасы» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы материалдары. Семей, 19-20.04.2013

2014 жыл

98. Шәді Жәңгірұлы поэзиясындағы Абылай хан тұлғасы//«Көптілділік және мәдениеттер үнқатысымы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы материалдары. Ақтөбе, 2014
99. Көне түркі жазуы – түркі өркениетінің рухани өрлеу биігі//«Көне түркі жазуы – биік өркениет белгісі» атты (Байырғы түрік жазуы құпиясының ашылғанына 120 жыл толуына арналған) республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. Ақтөбе. 2014
100. Қазақ жазу мәдениетінің өткені мен ертеңі//«Көне түркі жазуы – биік өркениет белгісі» атты (Байырғы түрік жазуы құпиясының ашылғанына 120 жыл толуына арналған) республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. Ақтөбе, 2014
101. Қ.Бекхожин поэзиясындағы көне түркі әдебиеті тарихи іздері//«Көне түркі жазуы – биік өркениет белгісі» атты (Байырғы түрік жазуы құпиясының ашылғанына

120 жыл толуына арналған) республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. Ақтөбе. 2014

102. Орхон ескерткіштері - шетел ғалымдарының зерттеулерінде//«Көне түркі жазуы – биік өркениет белгісі» атты (Байырғы түрік жазуы құпиясының ашылғанына 120 жыл толуына арналған) республикалық ғылыми-практикалық семинары материалдары. Ақтөбе. 2014

103. Орхон ескерткіші жырларының әдеби мәні//«Көне түркі жазуы – биік өркениет белгісі» атты (Байырғы түрік жазуы құпиясының ашылғанына 120 жыл толуына арналған) республикалық ғылыми-практикалық семинары материалдары. Ақтөбе. 2014

104. Алма Қыраубаева – ежелгі әдебиет үлгілерін зерттеуші ғалым//«Көне түркі жазуы – биік өркениет белгісі» атты республикалық ғылыми-практикалық семинары материалдары. Ақтөбе. 2014

105. Көне түркі жәдігерліктеріндегі қытай тіліндегі мәтіндердің зерттелуі//«Көне түркі жазуы – биік өркениет белгісі» атты (Байырғы түрік жазуы құпиясының ашылғанына 120 жыл толуына арналған) республикалық ғылыми-практикалық семинары материалдары. Ақтөбе. 2014

106. Көне түрік жазуы мен жазба ескерткіштерінің қазақ ғалымдары зерттеулеріндегі жаңа көзқарастар//«Көне түркі жазуы – биік өркениет белгісі» атты (Байырғы түрік жазуы құпиясының ашылғанына 120 жыл толуына арналған) республикалық ғылыми-практикалық семинары материалдары. Ақтөбе. 2014

107. Орхон ескерткіштеріндегі қытайша жазулардың мәні мен маңызы//«Көне түркі жазуы – биік өркениет белгісі» атты (Байырғы түрік жазуы құпиясының ашылғанына 120 жыл толуына арналған) республикалық ғылыми-практикалық семинары материалдары. Ақтөбе. 2014

108. Орхон ескерткіштері сыр шертеді. (Орхон жазбаларына арналған қойылым//«Көне түркі жазуы – биік өркениет белгісі» атты (Байырғы түрік жазуы құпиясының ашылғанына 120 жыл толуына арналған) республикалық ғылыми-практикалық семинары материалдары. Ақтөбе. 2014

2015 жыл

109. Елбасы бейнесінің қазақ әдебиетіндегі бейнеленуінің кейбір үлгілері туралы бірер сөз//АқМУ жанын. ГҒЗИ-нің “Гуманитарлық зерттеу мәселелері” жинағы, 2015, № 21

110. Орхон ескерткіштерінің қамқоршылары// АқМУ жанын. ГҒЗИ-нің “Гуманитарлық зерттеу мәселелері” жинағы, 2015, № 21
111. Әдебиет сабақтарында дәріс өткізуден жинақталған тәжірибеден//«Әдебиеттегі оқытудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар материалдары. Ақтөбе, 2015
112. Абай аудармаларына жаңа көзқарас//«Әдебиеттегі оқытудың өзекті мәселелері» атты респу-бликалық ғылыми-әдістемелік семинар материалдары. Ақтөбе, 2015
113. “Современная наука: теоретический и практический взгляд” Материалы II международной научно-практической конференции. (30 апреля 2015 г.). Москва (РФ) (Сборник включен в Научную электронную библиотеку РИНЦ) “Перо”, 2015
114. Традиции и особенности ханской власти в казахском обществе (VI-VIII вв) // “Наука XXI века: вопросы , гипотезы, ответы”. Научный журнал. № 3 (12) Москва. (Российская федерация) 09.06.2015 Журнал включен в Базу данных РИНЦ
115. Қазақ хандығы мен мемлекеттілігі хақындағы қарсы пікірлерге уәждер //«Vedecky pokrok na prelou tusyachalety – 2015» Materia-ly XI Mezinarodni Vedecko-praktika conference. Praha Dil 9. 2015
116. Асан Қайғы поэзиясындағы Жәнібек хан тұлғасы//«Vedecky pokrok na prelou tusyachalety – 2015» Materialy XI Mezinarodni Vedecko-praktika conference. Praha Dil 9. 27.05-05.06.2015
117. «Қырымның қырық батыры» эпосындағы хандар тұлғасы//«Trends of modern skiecen - 2015» Materials of XI international research and praktice conference May 30 – June 7 2015 Sheffield (England)
118. Башқұрт-қазақ әдеби байланыстарының ЖОО-да оқытылуының кейбір мәселелері хақында//«Қазақ әдебиеті және оны оқытудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар материалдары. Ақтөбе, 2015
119. Қазақ әдебиетіндегі хандық дәуір кезеңі көріністері//«Қазақ әдебиетіндегі хандық дәуір кезеңі» атты Қазақ хандығының құрылуына 550 жылдық мерейтойына арналған әдеби-танымдық кештегі баяндамасы. Ақтөбе қ. 2015
120. «...Неліктен біздің хандар жаман болған?» //«Ақтөбе» газеті, № 130-131, 2015
121. Қазақ мемлекеттілігі: қарсы пікірлерге уәж//«Ақтөбе» газеті, № 143-144, 2015

2016 жыл

122. Үш ғұлама дәрістері сабақтастығы (Ә.Молдахановтың «Абай, Шәкәрім, Әуезов дәрістеріндегі үндестік» атты оқулығына сын-пікір)//Ә.Молдахановтың 80 жылдығына арналған «Фольклортанушы ғалым» атты жинақ. Ақтөбе. 2016
123. Қазақ даласынан шыққан Елібай-Ли Бо//«Жастар, ғылым және инновациялар» атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Ақтөбе, 2016
124. Абайдың діні мен ділі//«Жастар, ғылым және инновациялар» атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Ақтөбе, 2016
125. Поляк жер аударылғандары шығармаларындағы қазақ тақырыбы//«Жастар, ғылым және инновациялар» атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Ақтөбе, 2016
126. Абайдың шығармаларындағы мораль философиясы//«Жастар, ғылым және инновациялар» атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Ақтөбе, 2016
127. Абайтанудағы Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов үндестіктері//Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жыл толуы мен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Әлихан Бөкейхан және тәуелсіздік мұраты» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 2016
128. Абайтанудағы ұлылар үндестігі// «Қасым» журналы. № 3, 2016
129. Жалғасып келе жатқан дәстүр (Едіге батыр, ел билеушінің) //«Ақтөбе» газеті. № 126-127, 2016
130. Алаш зиялылары Абайдың қайнар бұлақтары туралы// Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрылғанына 50 жыл толуына арналған «Фольклор және ұлттық идея» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдары. 2016

2017 жыл

131. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлғалар бейнесін ЖОО-да оқыту жолдары//«Қазақ әдебиетіндегі тарихи прозаны оқытудың өзекті мәселелері» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік семинар материалдары. 2017.

132. «Edigeu» as the common heritage of the Turkic people: Historical basis of the epos. (ағылшын тілінде) // International Journal of Environmental and Science Education, входящем в базу данных Scopus (Elsevier). – 2016.У.11. 1-14

133. Ұстаз-ғалым белестері («Ғалымның хаты өлмейді...» Білім мен ғылым майталманы) // Ә.Молдахановтың 80 жылдығына арналған «Ұстаз, ғалым, азамат» атты жинақ. Ақтөбе. 2016, 06 маусым. 12-16 бб

134. Орхон ескерткіштеріндегі қытай жазбалары (қазақ және қытай тілінде)//«Ақтөбе-Конфуций» журналы. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің қазақ және қытай тіліндегі басылымы. № 3-4, 2016

135. “The Chinese writing system in Orhon monuments: research, translations, significance, problems” (ағылшын тілінде) // Scheduled for publication in a forthcoming issue, 10 March 2017 of the Journal Current Science, 1515-1526

136. М.Мағауин әңгімелеріндегі ұлт тағдыры // АқМУ жанын. ГҒЗИ-нің “Гуманитарлық зерттеу мәселелері” жинағы, 2017, № 21

137. Образ правителей в фольклоре тюркских народов//Материалы международной научной конференции, посвященной 85-летию Института истории, языка и литературы Уфимского научного центра РАН г.Уфа, 2017

138. Алаш қайраткерлері мен Қ.Жұбановтың абайтанудағы іліктестіктері хақында // «Жұбанов тағылымы» дәстүрлі ІХ халықаралық ғылыми конференция материалдары. 2017 ж. Ақтөбе

139. Батыс өңірінде туған ғашықтық жырлар туралы зерттеулер хақында// Республикалық ғылыми практикалық семинар (Р.Бердібайдың 90-жылдығына орай). 2017, Түркістан

2018 жыл

140. Көне түрік (руна) жазуынан қазақ-латын әліпбиіне дейін//«Қазақ тілінің латын графикасына көшуі – рухани жаңғырудың маңызды сатысы» атты жинақ

141. Казахская тема в произведениях польских революционеров, сосланных в Казахстан// XIX Международная Славянская Конференция «Польско-восточнославянские языковые, литературные и культурные контакты», Олыштын, 2017
142. Орхон ескерткіштеріндегі қытай жазулары: зерттелуі, маңызы, проблемалары (қытай тілінде) Монография (жинақ)
143. Айдауда болған поляк зиялылары туындыларындағы қазақ тақырыбы// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2018. №2. - 235-245 бб.
144. Қазақ әдебиетіндегі ханымдар бейнесі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2018. №2. - 254-263 бб.
145. «Қыз жібек» жырының зерттелуі// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2018. №3. - 223-232 бб.
146. Алаш зиялылары Абайдың қайнарлары туралы// С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Хабаршысы. (баспада)
147. Алаш қайраткерлері мен Қ.Жұбановтың абайтанудағы// Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. (баспада)
148. Орхон ескерткіштеріндегі қытай жазбаларының зерттелуі// Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. (баспада)
149. Қазақ-қытай әдеби байланыстарының көне дәуір үлгісі// Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы. Орал қ. (баспада)
150. Еуропа халықтары әдебиетіндегі қазақ ел билеушілері бейнесі//«Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының хабаршысы». (баспада)
151. Казахская тема в произведениях польских революционеров, сосланных в Казахстан// Доклады Казахской Академии образования. (баспада)
152. Қ.Жұбановтың абайтанудағы Алаш зиялыларымен үндестігі// Қазақстан педагогика ғылымдар академиясының хабаршысы. (баспада)
153. Түрік халықтары әдебиетіндегі ел билеушілері бейнесі// Қазақстан педагогика ғылымдар академиясының хабаршысы. (баспада)
154. Пушкин шығармаларының қазақ әдебиетіндегі көркемдік шешімі// Қазақстан педагогика ғылымдар академиясының хабаршысы. (баспада)

155. Қазақтың алғашқы хандарының көркем әдебиеттегі бейнеленуі// С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Хабаршысы. (баспада)

156. Батыс өңірінде туған ғашықтық жырлар// Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. (баспада)

***Құрметті оқырмандар!***  
***Ұсынылып отырған кітаптармен кітапханада танысуға болады***